

№2 Педагогикалық кеңес

Хатамасы

28 қараша 2023жыл

Тақырыбы: «Балалардың тілін дамыту — мектепке дейінгі тәрбиенің негізі»
Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын дамытудағы заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Балалардың тілін дамытуда ертегі терапиясы және театрландырылған іс-өрекеттерді қолдану (Тәрбиешілердің тәжірибесінен).
2. Топтардағы сөйлеу ортасының жай-күйін тексеру (тақырыптық бақылау қорытындысы).
3. Балалардың сөздік қорын байытуда ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлері.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова балалардың тілін дамытуда ертегінің маңызы өте зор. Ол сөздік қорын молайтып, ой-өрісін, шығармашылық қиялын оятады және сөйлемдерді байланыстырып, сауатты сөйлеуге үйретеді. Ертегілердің берер пайдасы мен негізгі қызметтері өте көп. Ертегіні тыңдау арқылы бала оқиғаны көз алдына елестетеді бұл оның есте сақтау және зейін қою қабілетін арттырады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова топтағы сөйлеу (коммуникативтік) ортаның жай-күйін тексеру үшін қарым-қатынас жиілігін, тілдік ортаның белсенділігін және сөйлеудің психологиялық жайлылығын бағалау қажет. Бұл ортаның сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Үшінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова балалардың сөздік қорын байыту-балабақша мен отбасының күнделікті, жүйелі бірлескен жұмысының нәтижесі. Ең тиімді тәсіл-жаңа сөздерді жағтату емес, оларды күнделікті өмірде сюжеттік-рөлдік ойындар, серуендер және ертегілерді талқылау арқылы санаға сіңіру.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жоғарғы топ балаларынан ертегі мазмұнын өз сөздерімен айтып беруді, киіпкерлерге мінездеме беруді талап ету. Саусақ театрын, үстел үсті театрын оқу тәрбие процесінде тұрақты түрде енгізу.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

2. Топтардағы қарым-қатынас мәдениеті мен сөйлеу ортасына ай сайын бақылау жасау. Барлық топтарда бала тілін дамытатын дидактикалық материалдар толықтырылсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

2. Әр топта ата-аналардың көмегімен балалардың жас ерекшеліктеріне сай сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған заттар жиынтығы, жаңа ертегі кітаптарын толықтыру және оны үйде оқытуға беру.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Төраға А.Б.Султанова
Хатшы У.М.Гумарова

